29 қараша
МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

АЛАТАУ арайы

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады

info@alatauaraiy.kz
www.alatauaraiy.kz

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 123 (572) // 10 қараша // сейсенбі // 2026 жыл

БӘРЕКЕЛДІ!

КӨМЕККЕ САҚАДАЙ-САЙ



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

Облыста тұрғындардың қауіпсіздігін күзетіп, төтенше жағдай кезінде көмек көрсететін қос бірдей нысан пайдалануға берілді. Алдымен Қонаев қаласындағы №1 өрт сөндіру бөлімі жаңғыртудан өтіп, қызметін қайта бастады. Ал Іле ауданында өрт сөндіру, полиция және жедел жәрдем қызметі бір алаңда шоғырланған көпфункционалды кешен ашылды. Екі нысан да заманауи техникамен, құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етілді.

● Гүлзат БАЙҚОНЫС ——

Салтанатты рәсімдерге ҚР Төтенше жағдайлар министрі Мұрат Мұханов, облыс әкімі Шыңғыс Әрінов, Халық кеңесінің мүшелері, азаматтық қорғау саласының қызметкерлері мен жергілікті тұрғындар қатысты.

1969 жылдан бері жөндеу көрмеген Қонаев қаласындағы депо биыл республикалық бюджет қаражаты есебінен толық жаңартылды. Бөлімше 6 өрт сөндіру автокөлігімен, 15 тонналық су тасығыш және арнайы автосатымен, ГАЗель, Ssang Yong 4 қосалқы көлігімен, сондай-ақ өзге де құрал-жабдықпен толық жарақтандырылды. Бұл құтқарушылардың қолайлы жағдайда жұмыс істеуіне және кәсіби міндетін сапалы орындауына мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта мұнда 30 маман қызмет етеді және 8 адам тәулік бойы кезекшілік атқарады.

Шарада алғашқы болып аймақ басшысы құттықтау сөз сөйлеп, құтқарушылардың алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

«Жылдар бойы халық игілігіне қызмет етіп келген ескі депоның жаңа кейіпке енуі ең алдымен осы жердің қызметкерлері мен халықтың көптен күткен ортақ қуанышы деуге болады. Бұл бөлімнің жауапкершілік аймағы өте кең. Нысан Қонаев қаласымен бірге Шеңгелді ауылдық округінің де қауіпсіздігін толық қамтамасыз етеді. Бүгінде бөлімнің жабдықталуы кез келген жағдайға сақадай-сай. Осы жобаны сапалы жүзеге асырған Төтенше жағдайлар министрлігіне, мердігер ұйымдарға және барша сала мамандарына алғыс айтамын», – деді Шыңғыс Сайранұлы.

Келесі болып сөз тізгінін ҚР Төтенше жағдайлар министрі Мұрат Мұханов алды. Оның айтуынша, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың



қолдауының арқасында азаматтық қорғау саласының инфрақұрылымы, материалдық-техникалық базасы күннен-күнге нығайып, жеке құрамның қызметін жақсартуға ерекше көңіл бөлінуде. Сондай-ақ министр бұл бағыттағы жұмыстар кезең-кезеңімен жалғасатынын атап өтті.

Шара барысында қызметін адал әрі мінсіз атқарған құтқарушыларға «Азаматтық қорғау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің және Алматы облысы әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Аймақтың қауіпсіздік инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған тағы бір игі жоба Іле ауданында іске асырылып, әрі қарай жұртшылық Н.Тілендиев ауылына табан тіреді. Кешеннің бой көтеруіне «Фирма Бент» кәсіпорнының президенті, меценат Дінмұхамед Кузиев демеушілік етіп, мемлекетке тарту етіп отыр. Құрылыс жұмысын «Land Construction» ЖШС жүргізді. Енді шұғыл шақырту кезінде өрт сөндіру, полиция және жедел жәрдем қызметі бір мезетте сақадай-сай көмекке аттанады және Қараой ауылдық округінің үш елдімекенінің тұрғындарына қызмет көрсетеді. Ғимаратта арнайы техниканы сақтайтын бөлмелер, диспетчерлік қызмет, әкімшілік-тұрмыстық үй-жай мен қажетті инженерлік жүйе толық қарастырылған. Облыс әкімінің сөзінше, алдағы уақытта дәл осындай нысанды облыстың барлық ауылында ашу жоспарланып отыр.

Жергілікті тұрғындар ерекше бекеттің өз ауылында ашылғанына дән риза. «Н. Тілендиев ауылында 2013 жылдан бері тұрып келемін. Бұрын-соңды елдімекенімізде мұндай мекеме болмаған. Төтенше жағдай кезінде аудан орталығынан көмек күтетінбіз. Кейде күту уақыты тым ұзаққа созылып кететін. Сондықтан бұл кешеннің ашылғанына қуаныштымыз. Жаңа нысан халық игілігіне қызмет етеді деп сенеміз», – деді ауыл тұрғын Жеңіс Тұрлиев.

Қонаев қаласы,
Іле ауданы

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Кеген ауданындағы туризмді дамытуға бағытталған маңызды жобалардың бірі – Қайыңды көліне апаратын 10 шақырым автомобиль жолын жаңарту. Жуырда бұл жол жасалып бітіп, пайдалануға берілді.

Жаңарған жол

● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ ——

Табиғатының қайталанбас сұлулығымен танылған Қайыңды көліне апаратын жолдың жаңаруы – өңірдің туристік әлеуетін арттырып, тұрғындар мен саяхатшылар үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған маңызды қадам.

Қайыңды көліне апаратын автомобиль жолының салтанатты ашылу рәсіміне Кеген ауданының әкімі Таңат Айдарбеков, «СЕРВИС НС» ЖШС директоры Жандос Сәрсенбекұлы, «Кереге-ТрансСервисГрупп» ЖШС директоры Нұрлан Қуанышбайұлы, «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің бас директоры Бақыт Жүнісов, Кеген аудандық ардагерлер алқасының төрағасы Шыңғыс Тұрсынов, ауыл тұрғындары қатысты.

Шара барысында аудан әкімі Таңат Есенкелдіұлы құттықтау сөз сөйлеп, жол құрылысына атсалысқан азаматтарға алғысын білдіріп, мердігер ұйым өкілдеріне аудан әкімінің Алғыс хатын табыстады.



Салтанатты рәсім Саты ауылдық округінің ақсақалдар алқасының төрағасы Есболат Рысбаевтың ақ батасымен жалғасып, ақ жаулықты аналар шашу шашты. Одан соң жол қозғалысы салтанатты түрде іске қосылды. Бұл игі бастама Қайыңды көлінің туристік тартымдылығын арттырып, өңір экономикасының дамуына серпін бермек.

Айта кету керек, жалпы ұзындығы 10 шақырымды құрайтын жоба өткен жылдың қазан айында басталған. Жұмсалған жалпы қаражат құны – 2,43 млрд теңге. Биыл жол құрылысына жергілікті бюджеттен 1374,9 млн теңге қаржы бөлінген. Қайыңды көліне апаратын аудандық маңызы бар автомобиль жолының өрге қарай бағытталған ойлы-қырлы жерлері тегістеліп, негізгі жұмыстар жасалынды. Асфальт төселіп, жол бойындағы 42 су өткізгіш құбыр толық орнатылды.

Жоба өңірдегі көлік инфрақұрылымының талапқа сай болуына, жол сапасының жақсаруына септігін тигізеді. Жаңа жол пайдалануға берілгеннен кейін Қайыңды көліне қатынау едәуір жеңілдейді. Бұл өңірге келетін туристер санының артуына оң ықпал етеді.

Осылайша, көрікті мекеннің сұлулығын тамашалауға асыққан қонақтар межелі жерге жылдам әрі қауіпсіз жете алады.

Кеген ауданы

БАСЫЛЫММЕН БІРГЕ БОЛ!

БАСПАСӨЗ – 2027

Еліміздің «Қазпошта» бөлімшелерінде 2027 жылға газетке жазылу науқаны басталды.
Газетімізге «Kaspi» қосымшасы арқылы да жазылуға мүмкіндік бар.

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласыңыз:
87476881741, 87082109571
«АЛАТАУ АРАЙЫ» газеті редакциясының мекенжайы: Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1. 3-қабат.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!
Алаштың аманатын даралаған,
Ұлтымның ұлағатын бағалаған.
«Алатау арайына» жазылыңыз,
Көркем сөз, кемел ойды саралаған!

Жазылушылар	Индекс	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Жалпы жеке жазылу	64792	6103,44	5742,72	12206,88	11485,44
Кәсіпорындар мен ұйымдар	14792	11872,80	7326,72	23745,60	14653,44
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	54792	5743,44	5382,72	11486,88	10765,44

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ЖАЗЫЛУ:

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	5000	10000
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6000	12000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	4000	8000

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП БАЛАМА ЖАЗЫЛУ:

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	5000	10000
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6000	12000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	4000	8000

Газетке жазылу науқаны жыл бойы жалғаса береді.

Газетіміздің апта ішіндегі ең маңызды жаңалықтарды қамтыған бейнешолуын YouTube парақшамызға тіркеліп, мына QR-код арқылы көре аласыздар:

Бүгінгі санда:

Бала тәрбиесі мейірімнен басталады

3 бет

Құсбегілер сайысы

4 бет

ИНВЕСТИЦИЯ

ҚОС НЫСАН ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Жамбыл ауданының Ұзынағаш ауылында «Royal Petrol» компаниясының заманауи жанармай құю бекеттері іске қосылды. Бұған дейін ауданда аталған компанияның мұндай бекеті болмаған. Енді аудан орталығының негізгі көшелерінің бойынан екі бірдей заманауи нысанның салынуы елдімекен ажарын аша түсті.

● Серік САТЫБАЛДИЕВ

Сүйінбай көшесіндегі жанармай бекетінің іске қосылғанына бір айдың жүзі бола қойған жоқ еді. Жуырда Қарасай батыр көшесіндегі дәл сондай нысанның да құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Шараға Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Ертас, кәсіпкерлер, аудан тұрғындары қатысты. Салтанатты ашылу рәсіміндегі құттықтау сөзінде аудан басшысы Нұрлан Ертасұлы осындай заманауи қызмет көрсету орындарының маңызын атап өтіп, бекет жұмысына сәттілік тіледі. Мұндай инвестициялық жобалардың аудан экономикасын дамытуға, халықты жұмыспен қамтуға және тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға елеулі үлес қосатынын айтты. Құрметті қонақтар жаңа нысанның іші-сыртын аралап көрді. Онымен «Royal Petrol» компаниясының осындағы операциялық директоры Нұржан Оспанов таныстырды.

Нысан қазіргі заман талаптарымен салынып, қызметіне жүгінушілерге барынша қолайлы жағдай жасалған. Ауласы кең, көлік кіріп-шығатын кірме жолдар, сілтеме белгілер сияқты қажетті шарттардың барлығы сақталғаны байқалады. Жанармай құюдан бөлек келушілер үшін бекет ішінде түрлі қызмет қарастырылған. Атап айтқанда, сауда дүкені, тез дайындалатын тағамдар, сусындар ұсынылады. Дәретхана, намазхана бөлмесі бар. Сонымен қатар кең автотұрақ, электромобильді қуаттау стансасы, автогаз құю, көлік жуу және жөндеу қызметтері де қамтылған. «Халыққа жоғары деңгейде қызмет көрсетуде біздің компанияның мол тәжірибесі бар. Бұл нысан да тұрғындар мен жолаушыларға сапалы әрі қолайлы қызмет көрсетеді», – дейді жанармай құю бекетінің операциялық директоры Нұржан Ерланұлы.

Жамбыл ауданында кәсіпкерлік қарқынды дамып келеді. Аймаққа инвесторлар тартылуда. Солардың бірі – «Royal Petrol» компаниясы Ұзынағаш ауылындағы екі бірдей жанармай құю бекетінің жобасына жалпы сомасы 600 миллион теңге инвестиция салды. Әр бекетте 30-дан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Осылайша, жергілікті тұрғындар үшін 80-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылды. Кәсіпкерлікті қолдау, инвестиция тарту және халыққа қажетті заманауи қызмет көрсету нысандарын дамыту бағытындағы жұмыстар жалғаса береді.

Жамбыл ауданы

Таза Қазақстан

Қаскелең көркейе түсті

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы аясында қарасайлықтар ағаш отырғызу акциясын өткізді. Сенбілікке Қарасай ауданының әкімі Жасұлан Естенов, мемлекеттік органдар мен еңбек ұжымдарының өкілдері, сондай-ақ жастар арасынан шыққан еріктілер қатысты.

● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Шара барысында Қаскелең қаласының орталық көшелерінің бірі – Абылай хан көшесіне ерекше назар аударылды. Көше бойына барлығы 150 түп ағаш көшеті отырғызылды. Оның ішінде 100 түп қарағай мен 50 түп қайың бар. Сонымен қатар, аталған көше қоқыстан тазартылды.

Бізге берген сұхбатында аудан әкімінің орынбасары Бексұлтан Ақылбек көктем мен күз ағаш отырғызуға қолайлы мезгіл болғандықтан осы мүмкіндікті тиімді пайдалану маңызды екенін айтты.



– Бүгін ауа райы тамаша! Осы күнді игі іске арнап, аудан орталығын көгалдандыруға тағы бір шағын үлес қоса алғанымызға қуаныштымыз. Сонымен қатар, ауданның барлық ауылдық округінде де сенбіліктер өтіп жатыр. Ағаш отырғызу ісі әлі де жалғаса береді, – деді Бексұлтан Ақылбекұлы.

Қарасай ауданы

Тазалық – өмір салты

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы аясында Талғар ауданында ауқымды сенбілік өтті. Тазалық шарасына оқушы жастар, қала және аудан колледждерінің студенттері, мемлекеттік қызметкерлер, еріктілер, жалпы 200-ден аса адам қатысты. Олар қала көшелерінде, сондай-ақ Талғар және Қотырбұлақ өзендерінің жағалауында жұмыла еңбек етті.

● Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ

– Біз, табиғаты тамаша Талғар ауданының тұрғындары, бүгін өңірімізді таза әрі көрікті ету үшін сенбілікке шықтық. «Таза Қазақстан» – бұл жай ғана қоқыс жинау емес, бұл – маңызды экологиялық бағдарлама. Мұндай шаралар қоғам мүшелерін айналаны таза ұстауға шақырып, экологиялық мәдениетті қалыптастырады, патриоттық рухты тәрбиелейді, – дейді қатысушылар.

Олардың пайымдауынша, «Таза Қазақстан» бағдарламасы қоршаған ортаға адамгершілік қатынаспен ұқыпты қарауды қалыптастыруға және болашақ ұрпақ үшін табиғатты сақтауға бағытталған. Сондықтан әрбір қатысушыға белсенді ұстанымы, табиғатты сақтауға қосқан үлесі және еліміздің болашағына шынайы қамқорлығы үшін алғыс айтуға болады. Өйткені қоғамдық өмірде қоршаған ортаға деген азаматтық жауапкершілік және шынайы сүйіспеншілікпен жасалатын ең қарапайым іс-әрекеттер үлкен өзгерістердің басталуына себепші болады.

Осындай оймен қолдарына тырма, күрек, қоқыс салатын қапшықтар ұстаған көпшілік Үлкен Алматы арнасының бойымен өтетін автокөлік жолының да екі жағын қоқыстан тазалап, қураған ағаш бұтақтарын кесті, жас талдарға күтім жасады. Қоғамдық шара тек қоқыс жинаумен шектелмей, сенбілікке қатысушылар айналаны көгалдандыруға да баса назар аударды. Жаңа көшеттер отырғызып, ауданның экологиялық жағдайын жақсартуға өз үлестерін қосты.



«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы – бұл бір реттік шара емес, ол елдімекендерді, айналамызды абаттандыруға бағытталған жүйелі жұмыстың бір бөлігі ғана. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай сенбіліктер алдағы кезде тұрақты өткізілетін болады. Ал бастама таза және жайлы ортада өмір сүргісі келетін жандарды мейлінше көбірек біріктіре отырып, қарқынды дами түседі.

Талғар ауданы

БРИФИНГ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз мәслихатында Алатау қаласының әкімі Әркен Өтенов жыл басынан бері жаңа шаһарда атқарылған ілкімді істер жайын әңгіме арқауына айналдырды.

ЖАҢА ШАҺАРДЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Әкімнің айтуынша, қала мәртебесі берілген уақыттан бүгінге дейін тұрғындар саны 5,7 мыңға көбейіп, 57,8 мың болған. Аумағы 88 мың гектарды құрайтын шаһардың басты стратегиялық артықшылығының бірі – Алматы облысының агломерциясы мен «Alatau» арнайы экономикалық аймағында орын тебуі. Бұл жоғары технологиялық өндірістерді дамытуға, шетелдік және отандық инвестицияларды тартуға, жаңа кәсіпорындар ашуға және кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға үлкен мүмкіндік береді. Былтыр 115,8 млрд, биыл 9 айда 70,2 млрд теңге инвестиция тартылған. Инвестициялық құны 50 млрд теңгеден асатын «PepsiCo» тұзды тағамдар зауыты, «Гриффин Логопарк» А сыныбындағы логистикалық кешені, «G-Trans Service» индустриалды-логистикалық хабы, үй жануарларына арналған азық өндіретін «Mars» зауыт құрылысы, «Urban Air Mobility» әуе мобильдігін дамыту және «Жетіген» сауда логистикалық орталықтары, K-PARK мәдени-іскерлік орталығы секілді ірі инвестициялық жобалар іске қосылғанда 5 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын ашу жоспарланған. Сонымен қатар биіктігі 272 және 80 метр болатын «Iconic Complex» кешенінің құрылысы басталды. Мұнда кеңселік, тұрғын үй, қонақүй, сауда және мәдени ойын-сауық кеңістіктерін орналастыру көзделген.

– Мемлекет басшысының бастамасымен қабылданған «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңын іске асыру мақсатында Alatau City Authority арнаулы басқару ұйымы құрылып, өз жұмысын бастады. Бұл ұйым Алатау қаласының стратегиялық құжаттарын бекітіп, оның жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Инвестициялық жобаларға және бизнес ортаның дамуына қолдау көрсетеді. Биыл «Жаңаарна» шағынауданында фельдшерлік-акушерлік пункт пайдалануға берілді. «Жетіген» шағынауданында 250 келушіні қабылдай алатын емхана мен «Жаңадәуір» шағынауданында 50 науқасқа қызмет көрсететін дәрігерлік амбулатория салу жоспарда бар. Бүгінде жобалау-сметалық құжаттамасы дайын, қаражаттың бөлінуіне қарай құрылыс жұмысы басталатын болады. Жаңа оқу жылында «Қоянқұс» шағынауданында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 900 орынды мектеп ашылып, нәтижесінде осы шағынаудандағы №13 және №14 орта мектептер екі ауысымды оқыту жүйесіне көшірілді, – деген Әркен Хамитұлы түрлі сала бойынша жүзеге асырылып жатқан жұмыстар жайына кеңінен тоқталды.

Шаһар басшысының сөзіне сүйенсек, мүгедектігі бар адамдарға тұрақты түрде инватакси қызметі көрсетілуде. Сонымен қатар отбасын қолдау орталығына жүгінген азаматтардың 191-іне әлеуметтік, 152-сіне қайырымдылық, 144-іне заңгерлік көмек берілген. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру мақсатында 25 адам бірінші кезеңмен 400 АЕК көлемінде грант алған. Бастау бизнес жобасы арқылы 83 азамат оқытылған. Биыл «Заречный» шағынауданында дене шынықтыру кешенінің құрылысы басталған. «Жетіген» шағынауданында саябағы бар футбол алаңын, дене шынықтыру-спорт кешенін, мәдениет үйін және «Қоянқұс» шағынауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу жоспарланған. Сонымен қатар сумен жабдықтау және кәріз желілерін жақсарту бағытында 6 жоба, электрмен жабдықтау жүйелерінде 4 жоба, жылумен жабдықтау және газ құбырын тарту мақсатында бір-бір жобадан жүзеге асырылуда.

Одан әрі сөзін сабақтаған қала әкімі «Жаңаталап», «Жаңадәуір», «Қоянқұс», «Ынтымақ» шағынаудан тұрғындарының Өтеген батыр кентіне қатынауын қамтамасыз ету мақсатында №1 «Жаңаталап-Көктерек» және №2 «Құйған-Гейт Сити ТҮК» автобус бағыттары ашылғанын тілге тиек етті. Сонымен бірге «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында атқарылып жатқан игі істер жөнінде мағлұмат берді.

Өндірісі өркен жайған

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз мәслихатында Іле ауданының әкімі Қайыржан Жақсымбетов жыл басынан бері атқарылған жұмыстарды баяндады.

– Ауданның негізгі бағыты – өнеркәсіп саласы. Бұл салада 6 жүйе құраушы, 8 ірі, 20 орта кәсіпорын және 20 050 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері орналасқан. Сондай-ақ 32 жанар-жағар май бекеті, 901 сауда орны, 5 сауда орталығы, 4 базар, 202 тамақтану орны бар. Инвестиция тарту бойынша 9 айдың жоспары 29,2 млрд теңгеге артығымен орындалды. Бұл көрсеткіш аудан экономикасының тұрақты өсіп келе жатқанын, бизнестің дамып келе жатқанын көрсетеді. «Carlsberg Central Asia», «Kusto Logistic», «АЛЭС», «Шин-Лайн», «Galanz Bottlers», «Филип Моррис Казахстан», «JTI» ірі кәсіпорындары аудан экономикасына инвестиция тартып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға, бюджетке түсетін салық түсімдерін арттыруға және өндірістің технологиялық деңгейін көтеруге айтарлықтай үлес қосып келеді. Жаңа кәсіпорындардың ашылуы 1200-ден астам жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік берді. Бүгінгі таңда Боралдай кентінде, Ащыбұлақ, Асқар Тоқпанов ауылдық округтерінде, Байсерке ауылында инвесторларға арналған өнеркәсіптік аймақтар жұмыс істейді. Асқар Тоқпанов ауылдық округінде «Smart City» жаңа инвестициялық жобасын іске асыру жоспарланған. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 9 жоба «Қонаев» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына қарауға жолданды. Сонымен қатар «Кең Дала» бағдарламасы шеңберінде 4 шаруа қожалығы жеңілдетілген несие алып, өз шаруашылығын дамытуда, – деді аудан әкімі.

Бүгінде 770 жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған бала, 672 мемлекеттік қызметші мен бюджеттік ұйымдардың қызметкері, 2195 көпбалалы отбасы, 2105 әлеуметтік осал топта жататын адам үй кезегінде тұрғанын айтқан Қайыржан Серікбайұлы биыл әлеуметтік осал топтарға 137 кредиттік және 327 арендалық үйлер сатып алынғанын тілге тиек етті. Сондай-ақ 22 елдімекенде орталықтандырылған ауызсу құбыры тұрақты жұмыс істеп тұрғанын, су құбырының құрылысы «Жомарт» саяжайында аяқталып, Боралдай, Байсерке, Көккайнар елдімекендерінде әлі жалғасып жатқанын жеткізді. Саяжай кооперативтеріне елдімекен мәртебесін беруге байланысты Көккайнар, Жәпек батыр, Асқар Тоқпанов, Жайнақ ауылдарының, шекарасына 61 саяжай тұтыну кооперативі енгізіліп, бас жоспарлары бекітілгенін хабардар етті.

Қайыржан Жақсымбетовтің айтуынша, үшауысымды мектептерді жою мақсатында ауданның 10 ірі елдімекенінде жаңа мектеп құрылысына жер телімдері қарастырылған. Жыл соңында Өтеген батыр, Байсерке және Жайнақ ауылдарында жеке инвестор қаражатына мектептердің құрылысы басталмақ. 2027 жылы Асқар Тоқпанов ауылында 1200 орынды жаңа мектеп салу жоспарлануда. Биыл Өтеген батыр ауылында 125 төсек-орынға және 150 келушіге арналған перзентхана, келесі жылы Қараой ауылында 50 келушіні қабылдай алатын дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жоспарланған. Боралдай кентіндегі құрылысы аяқталған 280 орынды жаңа Мәдениет үйі жақын арада пайдалануға берілмек. Асқар Тоқпанов ауылында 280 орынды Мәдениет үйін салуға жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптамаға жолданған. Аудан аумағындағы 107 көшенің жөндеу жұмысы толығымен аяқталған.

Журналистердің Ақши ауылының ауызсу мәселесі жайлы сауалына жауап берген әкім барлық жобалау құжаттарының әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынғанын, енді қаражат бөлінуін күтіп отырғанын жеткізді.

Күнжарық БАҚТЫБАЙҰЛЫ

ФОРУМ

Іле ауданы Өтеген батыр ауылындағы Нұрғиса Тілендиев атындағы Мәдениет үйінде өңірдегі аналар мен психологтарға арналған «QASYNDAMYN» форумы өтті. «Мейірімге негізделген тәрбие» тақырыбындағы басқосуда бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі, отбасындағы сенім мен жылылық, жасөспірімдердің психологиялық саулығы және ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту мәселелері талқыланды. Форумның бас спикері, тәжірибелі гештальт-психолог Ләйлә Мирас бала жанын түсінудің маңызына тоқталды.

БАЛА ТӘРБИЕСІ МЕЙІРІМНЕН БАСТАЛАДЫ



● Құралбек СӘБИТОВ ——

Бала тәрбиесі бір күннің немесе бір адамның ғана еншісіндегі шаруа емес. Ол – отбасынан басталып, қоғаммен жалғасатын, әрбір ата-ананың жүрегінен орын алуға тиіс жауапты міндет. Кейде баланың бар тілегі – қымбат ойыншық та, сәнді киім де емес, жанында отырып әңгімесін тыңдайтын, көңіл күйін түсінетін, құшағына басып, бар екенін сездіретін жақын адамының жылуы. Адам өмірінде айрықша мәні бар құндылықтарды ортаға салған тағылымды кездесуге Іле ауданы әкімдігі, аудандық жастар ресурстық орталығы мен білім бөлімі мұрындық болды. Шараға бала тәрбиесіне бейжай қарамайтын аналар, психологтар, педагогтер мен сала мамандары жиналды.

Форум жұмысын ашып берген облыстық балалар құқықтарын қорғау басқармасының басшысы Дәулет Шайтұрсынұлы бала тәрбиесінің қоғам алдындағы жауапкершілігіне тоқталып, ата-ананың отбасындағы рөлін кеңірек түсінудің қажеттігін атап өтті.

– Бала тәрбиесі – баршамызға ортақ жауапкершілік. Біз кейде баланың материалдық қажеттілігін өтеуді басты міндет санап, оның жандүниесіне үңілуге, сезімін түсінуге, бірге уақыт өткізуге жеткілікті көңіл бөле бермейміз. Ал балаға ең алдымен ата-анасының ықыласы, мейірімі мен жылылығы қажет. Тәрбие тек талап қоюмен шектелмейді, ол – тыңдай білу, түсіне білу және әрдайым жанынан табылу. Бүгін осы маңызды мәселені талқылау үшін бас қосып отырмыз. Осы орайда өңірімізге арнайы атбасын бұрып, тәжірибесімен бөлісуге келген Лейла Мирас ханымға айрықша алғысымды білдіремін. Сіздің кәсіби тәжірибеңіз бен тағылымды ойларыңыз бүгінгі форумға қатысушыларға үлкен ой салып, бала тәрбиесіне жаңаша көзқараспен қарауға ықпал етеді деп сенемін, – деді ол. Осыдан кейін Дәулет Шайтұрсынұлы балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған мұндай кездесулердің маңызды екенін айтып, Лейла Мирасқа облыс әкімінің Алғыс хатын табыс етті.

«Мейірімге негізделген тәрбие» курсының авторы Ләйлә Мирас жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу бағытында жұмыс істеп, 250-ден астам жастың өмірін сақтап қалуға көмектескен маман ретінде танылған. 2023 жылы Аланиядағы жер сілкінісінен зардап шеккендерге көрсеткен көмегі үшін «Жыл әйелі» марапатына ие болған. Қазіргі уақытта Binom мектептерінің эмоциялық ахуал мәселелері бойынша бас кеңесшісі әрі Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы суицидтің алдын алу жөніндегі Жобалық кеңестің бас кеңесшісі қызметін атқарады.

Тренингті бастаған Ләйлә Мирас бала тәрбиесіндегі мейірімнің, эмоциялық байланыстың және ата-ананың ішкі дайындығының маңызына кеңінен тоқталды. Оның пайымынша, баланы тәрбиелеу дегеніміз – оған үнемі ақыл айтып, талап қою немесе әр қадамын бақылау емес. Ең алдымен, баланың жеке тұлға екенін мойындап, оның сезімі мен ойын құрметтей білу қажет. Өйткені әр баланың өзіндік мінезі, қабылдау ерекшелігі, ішкі әлемі бар. Үлкендер үшін болмашы көрінетін оқиғаның өзі бала жүрегіне салмақ салуы мүмкін. Сондықтан оны тыңдау, сезімін жоққа шығармау, түсінуге талпыну ата-ананың басты ұстанымына айналғаны жөн. Кездесу барысында «Баланың қателігін қалай қабылдау керек? Оның көңіл күйіндегі өзгерісті қалай байқауға болады? Жасөспіріммен сенімді қарым-қатынасты қалай қалыптастырған жөн? Ата-ана өз эмоциясын басқара отырып, баланың сезіміне қалай құрметпен қарай алады?» сынды сауалдар төңірегінде әңгіме өрбіп, қоғам үшін де, әрбір отбасы үшін де өзекті жайттар айтылды.

Ләйлә Мирас бала тәрбиесіндегі кейбір олқылықтар үлкендердің жаман ниетінен емес, психологиялық сауаттың жеткіліксіздігінен, қарым-қатынас жасаудың тиімді жолдарын білмеуінен туындап жататынын кеңінен баяндады. Басқосудың тағы бір маңызды тұсы – ата-ананың өз болмысын да түсінуіне назар аударылуы. Балаға дұрыс бағыт беру үшін алдымен ересек адамның өзінің эмоциялық жағдайы тұрақты болғаны жөн. Шаршаған, күйзеліске түскен немесе өз сезімін басқара алмай жүрген ата-ананың баламен қарым-қатынасында түсініспеушілік туындауы мүмкін. Сондықтан балаға мейірім сыйлау жолы үлкендердің өзіне де қамқорлық танытып, ішкі жандүниесіне үңілуінен басталады. Танымал психолог бұл ата-ананың әлсіздігі емес, керісінше, жауапкершілігін терең сезінуі екенін айтады.

– Бүгінде жасөспірімдер арасындағы психологиялық қиындықтар, жалғыздық сезімі, өзіне деген сенімсіздік, отбасындағы түсініспеушілік мәселелері қоғам назарынан тыс қалмауы тиіс. Әсіресе ақпараттық кеңістіктің ықпалы күшейген кезеңде баланың ішкі әлеміне үңілу бұрынғыдан да маңызды. Кейде ата-ана баласының сабағын, күнделікті жүріс-тұрысын бақылағанымен, оның көңілінде не болып жатқанын аңғармай қалуы мүмкін. Ал балаға дер кезінде көрсетілген ықылас пен қолдау талай қиындықтың алдын алуға септігін тигізеді, — деді Ләйлә Мирас.

Форум аясындағы мазмұнды әңгіме қатысушыларға бала тәрбиесіне басқа қырынан қарауға мүмкіндік берді. Өйткені мейірімге негізделген тәрбие баланың барлық қалауын орындау немесе оған шексіз еркіндік беру емес. Ол – талап пен түсіністіктің, тәртіп пен жылылықтың, жауапкершілік пен сенімнің арасындағы үйлесімді табу.

Тағылымды кездесу ата-аналар мен мамандардың өзара тәжірибе алмасуына, бала тәрбиесіне қатысты ортақ мәселелерді талқылауына жол ашты. Әсіресе психологиялық білімді тек мамандар ортасында қалдырмай, оны отбасылық қарым-қатынастың ажырамас бөлігіне айналдыру қажеттігі айқын сезілді. Балаға шекара қоюмен қатар, оның сезімін құрметтеу де маңызды екенін көңілге түйген көпшілік аталмыш форумнан айрықша әсерге бөленіп тарқасты.

Іле ауданы

АЛАТАУ ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

АРНА – ЖАЙЛЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ МЕКЕН



Кандидат: Билибаев Айбар ТУРАРОВИЧ

Құрметті Арна ықшамауданының тұрғындары!

Менің мақсатым – тұрғындардың мұң-мұқтажын тыңдап, өзекті мәселелерін тиісті мемлекеттік органдардың алдына нақты қойып, олардың шешілуіне ықпал ету және орындалуын бақылау.

Мен үшін депутаттық – атақ немесе мәртебе емес, халық алдындағы жауапкершілік. Әрбір тұрғынның пікірі маңызды, әрбір мәселе назардан тыс қалмауы тиіс.

Менің сайлауалды бағдарламамның басты мақсаты – Арна ықшамауданын тұрғындарға қолайлы, қауіпсіз, таза әрі заманауи инфрақұрылымы дамыған мекенге айналдыруға ықпал ету.

1. АРНАНЫ ГАЗДАНДЫРУ

– Арна ықшамауданын табиғи газбен қамтамасыз ету мәселесін тиісті органдармен бірлесіп көтеру.

– Газдандыру жобасының әзірленуі мен іске асырылу барысы туралы тұрғындарға нақты ақпарат беруді талап ету.

– Газ желілерін тарту мәселесін кезең-кезеңімен шешуге ықпал ету.

2. ЖОЛДАР МЕН КӨШЕ ЖАРЫҒЫН ЖАҚСАРТУ

– Ықшамаудан көшелеріндегі жолдардың жағдайын зерделеп, жөндеуді қажет ететін учаскелерді тиісті органдарға ұсыну.

– Жаяу жүргіншілер үшін қауіпсіз жағдай жасауға ықпал ету.

– Көшелерге жарық шамдарын орнату және істен шыққан жарықтандыру жүйелерін қалпына келтіру мәселесін көтеру.

3. ҚАҢҒЫБАС ИТТЕР МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ

– Тұрғындардың, әсіресе балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін басты назарда ұстау.

– Қаңғыбас иттерді заңнама талаптарына сәйкес есепке алу, аулау және ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды тиісті қызметтермен бірлесіп бақылауға ықпал ету.

– Тұрғындардың өтініштері бойынша жедел әрекет ету тәртібін жетілдіруді ұсыну.

4. ЖАСТАР САЯБАҒЫН САЛУҒА ЫҚПАЛ ЕТУ

– Арна ықшамауданында жастар мен балаларға арналған саябақ салу мәселесін көтеру.

– Жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне арналған спорттық және мәдени демалыс орындарын дамытуға ықпал ету.

– Балалар алаңдары мен отбасылық демалыс орындарын көбейту жөнінде ұсыныстар енгізу.

5. ТАЗАЛЫҚ ПЕН ЭКОЛОГИЯ

– Көшелер мен қоғамдық аумақтардың санитарлық жағдайын жақсартуға ықпал ету.

– Қоқыс шығару, контейнерлер орнату және заңсыз қоқыс орындарын жою мәселелерін бақылауға алу.

– Тұрғындарды абаттандыру және қоршаған ортаны қорғау жұмыстарына тарту.

6. ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ТҰРҒЫНДАРМЕН БАЙЛАНЫС

– Әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтардың мәселелерін тиісті органдарға жеткізуге жәрдемдесу.

– Жастардың, көпбалалы отбасылардың, қарттардың және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қажеттіліктеріне назар аудару.

– Тұрғындармен тұрақты кездесулер өткізіп, өтініштер мен ұсыныстарды жүйелі түрде қарастыру.

– Көтерілген мәселелердің шешілу барысы туралы халыққа ашық есеп беру.

7. АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚПЕН ЕСЕПТЕСУ

– Тұрғындардың ұсыныстарын депутаттық жұмысымның негізгі бағдарына айналдыру.

– Өз құзыретім шегінде депутаттық сауалдар мен ұсыныстар енгізу.

– Бюджеттік бағдарламалар мен инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуын бақылауға қатысу.

– Әрбір мәселе бойынша оның шешілу барысы мен нәтижесін тұрғындарға жеткізу.

8. ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕН ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫЛАРЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

– Сайлау округінде орналасқан әскери бөліммен және тиісті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды нығайту.

– Әскери қызметшілердің отбасы мүшелерін толғандыратын әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді зерделеп, оларды шешу жолдарын тиісті органдармен бірлесіп қарастыру.

– Әскери бөлім орналасқан аумақтың жолдары, көше жарығы, тазалығы және қоғамдық қауіпсіздігі мәселелерін назарда ұстау.

– Әскери қызметшілердің балаларына арналған білім беру, спорт және мәдени инфрақұрылымды дамыту мәселелерін көтеру.

– Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің өтініштерін заңнама аясында қарауға жәрдемдесу.

Менің ұстанымым: әскери қызметшілердің қоғамдағы еңбегін құрметтеу, олардың отбасыларының тұрмыс сапасын жақсартуға ықпал ету және әскери бөлім орналасқан аумақтың дамуына қолдау көрсету.

МЕНІҢ ҰСТАНЫМЫМ

Халықпен бірге – халық үшін!

Мен тұрғындармен ашық диалог орнатып, Арна ықшамауданының өзекті мәселелерін жүйелі түрде көтеруге, олардың шешілуіне ықпал етуге және атқарылған жұмыс туралы есеп беруге дайынмын.

Бірлік пен ортақ жауапкершілік арқылы Арнаның болашағын жақсартуға үлес қосайық!

Арна – жайлы және қауіпсіз мекен!

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА КАНДИДАТА В ДЕПУТАТЫ МАСЛИХАТА ГОРОДА АЛАТАУ

АРНА – КОМФОРТНОЕ И БЕЗОПАСНОЕ МЕСТО ДЛЯ ЖИЗНИ



Кандидат: Билибаев Айбар ТУРАРОВИЧ

Уважаемые жители микрорайона Арна!

Моя цель – внимательно выслушивать жителей, поднимать актуальные проблемы перед соответствующими государственными органами, содействовать их решению и контролировать ход исполнения принятых решений.

Для меня депутатский мандат – это не звание и не статус, а ответственность перед людьми. Мнение каждого жителя имеет значение, и ни одна проблема не должна оставаться без внимания.

Главная цель моей предвыборной программы – содействовать превращению микрорайона Арна в комфортное, безопасное, чистое и благоустроенное место для жизни.

ГАЗИФИКАЦИЯ МИКРОРАЙОНА АРНА

– Поднимать вопрос обеспечения микрорайона природным газом перед уполномоченными органами.

– Добиваться информирования жителей о подготовке и реализации проектов газификации.

– Содействовать поэтапному решению вопроса подключения домов к газовым сетям.

РЕМОНТ ДОРОГ И УЛИЧНОЕ ОСВЕЩЕНИЕ

– Изучать состояние дорог микрорайона и направлять предложения по ремонту наиболее проблемных участков.

– Содействовать созданию безопасных условий для пешеходов.

– Поднимать вопрос установки уличного освещения и восстановления неисправных осветительных систем.

РЕШЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ БЕЗДОМНЫХ ЖИВОТНЫХ

– Уделять особое внимание безопасности жителей, прежде всего детей.

– Содействовать организации учета, отлова и ветеринарных мероприятий в отношении безнадзорных животных в соответствии с требованиями законодательства.

– Предлагать совершенствование порядка оперативного реагирования на обращения жителей.

СОДЕЙСТВИЕ СТРОИТЕЛЬСТВУ МОЛОДЁЖНОГО ПАРКА

– Поднимать вопрос строительства молодёжного парка в микрорайоне Арна.

– Содействовать развитию спортивных и культурно-досуговых площадок для молодёжи.

– Выступать с предложениями по созданию дополнительных детских площадок и мест семейного отдыха.

ЧИСТОТА И ЭКОЛОГИЯ

– Содействовать улучшению санитарного состояния улиц и общественных территорий.

– Поднимать вопросы своевременного вывоза мусора, установки контейнеров и ликвидации несанкционированных свалок.

– Привлекать жителей к благоустройству микрорайона и охране окружающей среды.

СОЦИАЛЬНАЯ ПОДДЕРЖКА И ОБРАТНАЯ СВЯЗЬ С ЖИТЕЛЯМИ

– Содействовать обращению граждан, нуждающихся в социальной поддержке, в соответствующие органы.

– Уделять внимание потребностям молодёжи, многодетных семей, пожилых людей и людей с инвалидностью.

– Регулярно проводить встречи с жителями, систематизировать и рассматривать их обращения и предложения.

– Информировать население о ходе решения поднятых вопросов.

ОТКРЫТОСТЬ И ОТЧЁТНОСТЬ ПЕРЕД ЖИТЕЛЯМИ

– Сделать предложения жителей основой своей депутатской деятельности.

– В пределах полномочий вносить депутатские запросы и предложения.

– Участвовать в контроле за реализацией бюджетных программ и инфраструктурных проектов.

– Информировать жителей о ходе и результатах работы по каждому актуальному вопросу.

ПОДДЕРЖКА ВОЕННОСЛУЖАЩИХ И ЧЛЕНОВ ИХ СЕМЕЙ

– Укреплять взаимодействие с воинской частью, расположенной на территории избирательного округа, и соответствующими государственными органами.

– Изучать социально-бытовые вопросы, волнующие семьи военнослужащих, и совместно с уполномоченными органами рассматривать пути их решения.

– Уделять внимание состоянию дорог, уличному освещению, чистоте и общественной безопасности на территории, прилегающей к воинской части.

– Поднимать вопросы развития образовательной, спортивной и культурной инфраструктуры для детей военнослужащих.

– Содействовать рассмотрению обращений военнослужащих и членов их семей в рамках действующего законодательства.

МОЙ ПРИНЦИП

Вместе с народом – ради народа!

Я готов выстраивать открытый диалог с жителями, последовательно поднимать актуальные проблемы микрорайона Арна, содействовать их решению и отчитываться о проделанной работе.

Давайте вместе работать над улучшением будущего нашего микрорайона!

Арна – комфортное и безопасное место для жизни!

ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ

Тарихты білу – өзіңді тану

Жамбыл аудандық кітапханасы өлкетану бағытын жаңа белеске көтеретін «Зерделі ұлт – туған жер тарихымен» жобасын қолға алды. Бұл жоба туған өлкенің бай шежіресін жаңғыртып, бабалар мұрасын оқырман жүрегіне жақындататын ерекше танымдық бастама болмақ.



● Серік САТЫБАЛДИЕВ —

Жамбыл аудандық кітапханасының директоры Аяужан Сәдуақасованың айтуынша, жоба аясында бірқатар іс-шара жоспарланып отыр. Атап айтқанда, «Тарихи іздер» атты өлкетану бұрышы ашылады. Онда өңірдің өткенінен сыр шертетін сирек қорлар және тарихи деректермен танысуға болады. Сонымен қатар «Өлкетану дәрістері» атты шара ұйымдастырылып, тарихшылармен, өлкетанушы қаламгерлермен танымдық кездесулер, еркін сұхбат өткізіледі. Сондай-ақ ауданның киелі мекендері мен тарихи ескерткіштеріне саяхат жасалып, туған жерді тереңірек тануға мүмкіндік беріледі. Кітапханада интерактивті танымдық сағаттар өткізіліп, жастарға, мектеп оқушылары мен барша оқырманға арналған викториналық сұрақ-жауап ойындары ұйымдастырылады.

«Өз өлкесінің өткенін білген ұрпақ болашағына сеніммен қарайды. Осыған байланысты оқырманды туған жер тарихын бірге зерделеуге шақырамын», – дейді Жамбыл аудандық кітапханасының директоры Аяужан Сәдуақасова.

Жамбыл ауданы

«АЛАТАУ САЛБҰРЫНЫ – 2026»

ҚҰСБЕГІЛЕР САЙЫСЫ



Қазақ халқының болмысын айшықтап, ұлттың рухани жадында ғасырлар бойы сақталып келе жатқан салт-дәстүрінің ішінде құсбегілік өнерінің орны айрықша. Қыранды қолға қондырып, саятшылыққа баулу – жай ғана аңшылық емес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тектілік пен тағылымның, адам мен табиғат арасындағы үйлесімнің көрінісі. Бұл – сайын даланың саф рухын, көшпенділер өркениетінің өрнегін бүгінгі күнге жеткізген баға жетпес мұра.

● Ақерке БИЖАН

Осындай ұлттық құндылықтың қадірі артып, төл өнеріміздің тамырына қайта қан жүгірген тұста Райымбек ауданының Сарыжаз ауылы халықаралық деңгейдегі тағылымды шараға ұйытқы болды. «Алатау салбұрыны – 2026» құсбегілік турниріне еліміздің 11 аймағынан, сондай-ақ Моңғолия, Қытай және Қырғызстаннан келген құсбегілер қатысты. Халықаралық жарыста жалпы саны 76 қыран бақ сынады. Оның ішінде 51 бүркіт, 16 қаршыға және 9 ителгі бар.

Жарыс үш бағыт бойынша ұйымдастырылып, қатысушылар құс баптаудағы тәжірибесі мен саятшылықтағы шеберлігін сынға салды. Турнирдің ашылу салтанатында Райымбек ауданының әкімі Дастан Құдабаев құттықтау сөз сөйлеп, ұлттық мұраны ұлықтаудың маңызына тоқталды.

Сайыстың алғашқы кезеңінде құсбегілердің ұлттық нақыштағы киім үлгілері, аңшылыққа қажетті жабдықтары мен қырандарының бабына ерекше мән берілді. Сонымен қатар қазақтың жеті қазынасының бірі саналатын қастерлі тазы иттердің көрсетілімі де жарыстың ажарын аша түсті.

Екі күнге созылған жарыс қорытындысы бойынша әр санаттың үздіктері анықталды. Бүркіттер бәсекесінде Алматы облысының намысын қорғаған Жамбыл Досымжанның «Ақжол» атты қыраны бірінші орынды иеленді. II орынды Жамбыл облысынан келген Бабажан Бақдәулеттің «Қаракөзі» иеленсе, III орын Қарағанды облысының өкілі Қазбек Жандәулет баптаған «Чемпион» атты ителгіге бұйырды.

Қаршығалар арасында да тартыс жоғары деңгейде өтті. Бұл санатта Алматы облысының намысын қорғаған Баетбай Сағыныштың «Жебе» атты құсы жүлделі бірінші орыннан көрінді. II орынды осы өңірдің өкілі Сейтжан Бексұлтан баптаған «Ақниет» иеленсе, III орын елордадан келген Сахарбай Ержанның «Ақжүрек» атты қаршығасына бұйырды. Алматы облысының құсбегілері үш санаттың екеуінде де жеңіс тұғырынан көрінді. Нәтижесінде өңір спортшылары төрт жүлделі орынды иеленіп, мерейі үстем болды. Жалпы жүлде қоры 3 миллион теңгені құраған турнирде әр санат бойынша бірінші орынға 500 мың теңге, екінші орынға 300 мың теңге, ал үшінші орын иегерлеріне 200 мың теңгеден ақшалай сыйақы табысталды.

Аталған турнир ұлттың рухани мұрасын ұлықтап, оны келер ұрпаққа аманаттаудың жарқын үлгісі болды.



орын Алматы қаласынан келген Арман Қошқаровтың «Медеу» бүркітіне бұйырса, III орын Жетісу облысының бүркітшісі Шәймерден Әзеннің «Ерке» атты қыранына берілді.

Ителгілер сайысында Қарағанды облысынан келгенТемірәлі Төлегенұлының «Жұлдызы» топ жарды. II орын Сарыжаз аспанында қалықтаған қырандар қазақ даласының еркіндік сүйгіш рухын, ата-бабадан мирас болған саятшылық өнердің терең тамырын тағы бір мәрте паш етті.

Сарыжаз ауылы,
Райымбек ауданы

Надежда ЛУШНИКОВА

Қазақтың белгілі айтыскер ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Алматы облысының және Жамбыл ауданының Құрметті азаматы **Надежда ЛУШНИКОВА** 86 жасқа қараған шағында өмірден өтті.



Надежда Андреевна – саналы ғұмырын қазақ әдебиеті мен мәдениетін дамытуға, ұлттық айтыс өнерін дәріптеуге және жас ұрпақты тәрбиелеуге арнаған белгілі тұлға.

Надежда Лушникова 1940 жылы 22 қарашада Алматы облысының Шамалған ауылында дүниеге келген. Қызылорда қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық училищені, кейін Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын тәмамдаған. Ұзақ жыл білім беру саласында еңбек етіп, қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді.

1960 жылдардан бастап қазақтың дәстүрлі айтыс өнеріне белсене араласып, суырыпсалма ақын ретінде кеңінен танылды. Қазақ тілінің көркемдігін, ұлттық сөз өнерінің байлығын насихаттап, айтыс өнерінің дамуына елеулі үлес қосты.

Надежда Андреевнаның облысқа, оның ішінде Жамбыл ауданының мәдени-рухани өміріне сіңірген еңбегі ерекше. 1985 жылдан бастап Үмбетәлі Кәрібаевтың әдеби-мемориалдық музейіне басшылық жасап, ақын мұрасын жинақтау, сақтау және келер ұрпаққа жеткізу бағытында нәтижелі жұмыс атқарды. Сонымен қатар жас ақындарды тәрбиелеуге ерекше көңіл бөліп, айтыс мектебінің қалыптасуына ықпал етті. Оның тәлімін алған шәкірттер қатарында белгілі айтыскер ақындар Оразалы Досбосынов пен Ақан Әбдуәлиев бар.

Қазақ халқының тілі мен салт-дәстүрін терең құрметтеген Надежда Лушникова ұлттық мәдениеттің дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Әдебиет пен өнер саласындағы көп жылғы еңбегі мемлекеттік марапаттармен, құрметті атақтармен бағаланды.

Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, жақындарына, шәкірттеріне және барша өнерсүйер қауымға қайғыра көңіл айтамыз.

Надежда Андреевнаның өнегелі өмірі, ел игілігі жолындағы еңбегі мен жарқын бейнесі көпшілік жадында мәңгі сақталады.

Марқұмның рухы пейіште болсын!

Жамбыл ауданының әкімдігі

Алматы облысының әкімдігі және облыстық мәслихат белгілі айтыскер ақын

Надежда ЛУШНИКОВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Өлке тынысы» ЖШС мен Алматы облыстық «Алатау арайы» газетінің ұжымы белгілі айтыскер ақын

Надежда ЛУШНИКОВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университетінің (UIB) құрылтайшылары, ректоры мен ұжымы университет жанындағы UIB көпсалалы колледжінің директоры Якенова Құралай Жұмабекқызына әкесі

АЛДАБЕРГЕНОВ Жұмабек Якенұлының

дүниеден өтуіне байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, отбасы мен туған-туыстарына шын жүректен көңіл айтады.

Әкеден айырылу – қабырғаны қайыстырып, жүректі сыздатар ауыр қаза. Осындай сынақ сәтінде Құралай Жұмабекқызына және марқұмның барша жақындарына сабыр мен төзім тілейміз.

Марқұмның жарқын бейнесі мен ізгі істері жақындарының жадында сақталып, ұрпақ жүрегінде мәңгілік жаңғырып тұрары сөзсіз. Алла алдынан жарылқап, иманы саламат, топырағы торқа, жатқан жері жайлы болсын!

Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университетінің құрылтайшылары, ректоры мен ұжымы

ТАБИҒИ ГАЗДЫ ТҰРМЫСТА ҮНЕМДІ ПАЙДАЛАНУ – ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ОТБАСЫЛЫҚ БЮДЖЕТКЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

Табиғи газ – халықтың жайлы тұрмысын қамтамасыз ететін маңызды энергетикалық ресурстардың бірі. Ол тұрғын үйлерді жылытуға, тамақ дайындауға және ыстық сумен қамтамасыз етуге кеңінен қолданылады. Газды ұтымды пайдалану коммуналдық шығындарды азайтуға, энергия ресурстарын сақтауға және газ жабдықтарын қауіпсіз пайдалануға мүмкіндік береді.

«QazaqGaz Aimaq» АҚ Жетісу өндірістік филиалы тұрғындарды табиғи газды жауапкершілікпен тұтынуға, энергия үнемдеу қағидаларын сақтауға және газ жабдықтарының техникалық жай-күйіне назар аударуға шақырады.

ГАЗ ҮНЕМДЕУ КҮНДЕЛІКТІ ӘДЕТТЕН БАСТАЛАДЫ

Үй ішіндегі қолайлы температураны сақтау, бөлме термостаттарын пайдалану және жылыту жүйесін уақытылы реттеу газдың артық жұмсалуын болдырмайды. Қабырғаларды, шатырды, терезелер мен есіктерді жылылау жылу шығынын азайтып, жылыту жабдықтарына түсетін жүктемені төмендетеді.

Тамақ дайындау кезінде ыдыстың көлемін газ жанарғысына сәйкес таңдап, қақпақ қолданған және жанарғыны қажетсіз қосулы қалдырмаған жөн. Осындай қарапайым дағдылар газды үнемдеуге көмектеседі.

ЖАРАМДЫ ЖАБДЫҚ – ТИІМДІ ТҰТЫНУДЫҢ КЕПІЛІ

Жанарғылардың ластануы, қазандықтардың дұрыс реттелмеуі және жабдық ақаулары отынның тиімсіз жұмсалуына әкелуі мүмкін. Газ аспаптарына білікті мамандарды тарта отырып, уақытылы техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету қажет. Жабдықтың құрылымына өз бетінше араласуға және ақаулы аспаптарды пайдалануға болмайды.

ҮЙІШІЛІК ГАЗ ЖАБДЫҚТАРЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫ

Газ жабдықтарын қауіпсіз пайдаланудың маңызды талаптарының бірі – мамандандырылған ұйыммен үйішілік газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсету туралы қолданыстағы шарттың болуы. Уақтылы техникалық қызмет көрсету ықтимал ақауларды анықтауға, қосылыстардың герметикалығын және газ аспаптарының жарамдылығын тексеруге, авариялық жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді. «QazaqGaz Aimaq» АҚ Жетісу өндірістік филиалы тұтынушыларға шартты уақтылы жасасу және оның қолданылу мерзімін қадағалау, сондай-ақ мамандардың техникалық қызмет көрсету үшін қол жеткізуін қамтамасыз ету қажеттігін еске салады.

ҚАУІПСІЗДІК – БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Желдету арналары мен түтін мұржаларының жарамдылығын қамтамасыз ету, желдеткіш саңылауларды жаппау және үй-жайды жылыту үшін газ плитасын пайдаланбау қажет. Жұмыс істеп тұрған газ аспаптарын қараусыз қалдыруға және кішкентай балалардың пайдалануына жол беруге болмайды.

Газ иісі сезілген жағдайда аспаптарды пайдалануды дереу тоқтатып, мүмкіндік болса газ беруді жауып, терезелер мен есіктерді ашу қажет. Ашық отты қолдануға, электр аспаптарын қосуға немесе өшіруге тыйым салынады. Газ жиналған үй-жайдан шығып, қауіпсіз жерден 104 нөмірі бойынша авариялық газ қызметін шақыру керек.

ҮНЕМДІ ТҰТЫНУ – ӘРКІМНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Табиғи газды ұтымды пайдалану әрбір отбасы үшін де, жалпы қоғам үшін де маңызды. Орынсыз тұтынуды азайту халықтың шығынын қысқартуға және табиғи ресурстарға ұқыпты қарауға ықпал етеді.

Табиғи газды ақылмен үнемдеп, қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар: энергия ресурстарына бүгінгі ұқыпты көзқарас — ертеңгі берекелі өмірдің кепілі!

«QazaqGaz Aimaq» АҚ Жетісу өндірістік филиалы

БЕРЕЖЛИВОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРИРОДНОГО ГАЗА В БЫТУ – ЗАБОТА О БЕЗОПАСНОСТИ И СЕМЕЙНОМ БЮДЖЕТЕ

Природный газ является одним из важнейших энергетических ресурсов, обеспечивающих комфорт и благополучие населения. Он широко используется для отопления жилых помещений, приготовления пищи и горячего водоснабжения. Рациональное использование газа помогает сократить коммунальные расходы, сохранить энергетические ресурсы и обеспечить безопасную эксплуатацию оборудования.

Жетысуский производственный филиал АО «QazaqGaz Aimaq» призывает жителей ответственно относиться к потреблению природного газа, соблюдать правила энергосбережения и следить за техническим состоянием газового оборудования.

ЭКОНОМИЯ ГАЗА НАЧИНАЕТСЯ С ПОВСЕДНЕВНЫХ ПРИВЫЧЕК

Поддержание комфортной температуры в доме, использование комнатных термостатов и своевременная регулировка системы отопления позволяют избежать лишнего расхода газа. Утепление стен, кровли, окон и дверей уменьшает теплопотери и нагрузку на отопительное оборудование.

При приготовлении пищи рекомендуется подбирать посуду по размеру конфорки, использовать крышки и не оставлять горелки включенными без необходимости. Такие простые привычки помогают экономить газ.

ИСПРАВНОЕ ОБОРУДОВАНИЕ – ЗАЛОГ ЭФФЕКТИВНОГО ПОТРЕБЛЕНИЯ

Загрязнение горелок, неправильная настройка котлов и неисправности оборудования могут приводить к неэффективному расходованию топлива. Необходимо своевременно организовывать техническое обслуживание газовых приборов с привлечением квалифицированных специалистов. Самостоятельное вмешательство в конструкцию оборудования и эксплуатация неисправных приборов недопустимы.

ДОГОВОР НА ТЕХНИЧЕСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ ВДГО

Важным условием безопасной эксплуатации газовых приборов является наличие действующего договора на техническое обслуживание внутридомового газового оборудования (ВДГО) со специализированной организацией. Регулярное обслуживание позволяет своевременно выявлять неисправности, проверять герметичность соединений и исправность газовых приборов, предупреждать аварийные ситуации. Жетысуский производственный филиал АО «QazaqGaz Aimaq» напоминает о необходимости заключать договор на обслуживание ВДГО, следить за сроком его действия и обеспечивать доступ специалистов для выполнения предусмотренных договором работ.

БЕЗОПАСНОСТЬ ПРЕВЫШЕ ВСЕГО

Следует обеспечивать исправность вентиляционных каналов и дымоходов, не перекрывать вентиляционные отверстия и не использовать газовую плиту для обогрева помещения. Нельзя оставлять работающие газовые приборы без присмотра и допускать к ним малолетних детей.

При появлении запаха газа необходимо прекратить использование приборов, по возможности перекрыть подачу газа, открыть окна и двери. Запрещается пользоваться открытым огнем, включать или выключать электроприборы. Нужно покинуть загазованное помещение и вызвать аварийную газовую службу по номеру 104 из безопасного места.

БЕРЕЖЛИВОЕ ПОТРЕБЛЕНИЕ – ОТВЕТСТВЕННОСТЬ КАЖДОГО

Рациональное использование природного газа важно для каждой семьи и общества в целом. Сокращение необоснованного потребления способствует снижению расходов населения и бережному отношению к природным ресурсам.

Экономьте природный газ разумно, соблюдайте правила безопасности: бережное отношение к энергоресурсам сегодня – залог благополучного будущего!

Жетысуский производственный филиал АО «QazaqGaz Aimaq»

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Кітап қоғамды тәрбиелейді

Қоғамның тыныштығы мен елдің тұрақты дамуы ең алдымен заңның үстемдігіне және қоғамдық тәртіпке байланысты. Заң – мемлекеттің тірегі болса, тәртіп – сол заңның күнделікті өмірдегі көрінісі. Сондықтан заңды құрметтеу мен тәртіпті сақтау әр азаматтың ортақ міндеті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау мәселесіне ерекше мән беріп келеді. «Заң және тәртіп» қағидаты – әділетті, қауіпсіз әрі жауапты қоғам қалыптастыруға бағытталған маңызды ұстаным. Өз құқығын білу – құқықтық сауаттылықтың белгісі болса, өзгенің құқығын құрметтеу – азаматтық мәдениеттің көрінісі.

Тәртіпті қоғам бір күнде қалыптаспайды. Ол отбасындағы тәрбиеден, мектептегі жауапкершіліктен, еңбек орнындағы мәдениеттен және қоғамдық ортадағы өзара құрметтен басталады. Қоғамдық орында тазалық сақтау, жол қозғалысы ережесін бұзбау, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу, бөтен адамның құқығына қол сұқпау – мұның барлығы заң мен тәртіп мәдениетінің қарапайым көріністері. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген Бауыржан Момышұлының қанатты сөзі тәртіптің адам өміріндегі маңызын дәл көрсетеді.

Заңды білу, әсіресе жас ұрпақ үшін маңызды. Жастар өз құқықтары мен міндеттерін біліп, интернеттегі қауіпсіздікке, қоғамдық тәртіпке және жауапкершілікке саналы түрде қарауы қажет. Бұл бағытта кітапханалардың да атқаратын жұмысы маңызды. Кеген ауданы Жалағаш ауылдық кітапханасында құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған кітап көрмелері, ақпараттық сағаттар, пікірталастар мен танымдық кездесулер ұйымдастырылып келеді. Кітап – құқықтық білімнің де маңызды көзі. Конституцияны, заңдарды, құқықтық әдебиеттерді оқу арқылы азамат өзінің қоғамдағы орны мен жауапкершілігін терең түсінеді.

Әділетті қоғам қалыптастыру – тек мемлекеттік органдардың міндеті емес. Бұл – әр азаматтың күнделікті әрекетінен басталатын ортақ жауапкершілік.

Жансая ҮСЕН,
Жалағаш ауылдық кітапханасының қызметкері
Кеген ауданы

АЛАТАУ арайы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:
Ерлан ЖҰРЫНБАЕВ

Бас редактор:
Қуаныш ТҰНҒАТАР

Бас редактордың бірінші орынбасары:
Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:
Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:
Шолпан НҰРЖАУОВА

Веб-сайт редакторы:
Алтынай СЕЙІТКЕН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ	8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ	8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ	8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ	8 700 573 30 11
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ	8 702 213 95 83
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ	8 777 218 63 25
Райымбек ауданы – Ақерке БИЖАН	8 771 847 37 26

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Жаухар АМАНГЕЛДИЕВА	8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru	8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «В» үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.

Тапсырыс – 2597

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – **12 000,** оның ішінде,
«Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – **7 823.**
Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Айжарық КӨПТІЛЕУОВ